




# БІЛІМ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

№ 8 Дәріс.

# Дәрістің жоспары



1. Білім ұғымы, білім әлеуметтануының пайда болуы мен дамуы
2. Білім - әлеуметтік процесс ретінде.
3. Білім беру институтына әлеуметтанулық талдау.

## ***Білім*** ұғымы

- Адамзаттың немесе жеке тұлғалардың барлық өмірінде жинақтаған танымы мен тәжірибесі;
- Осы жинақталған таным мен тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа беру процесі;
- Аталмыш процесті жүзеге асыруға арналған мекемелер жүйесі (әлеуметтік институт);

- Қай кезде де адамзатқа тіршілік иесі ретінде көргені мен білгенін, танымын кеңейту, жаңаны үйрену мен жадына тоқу тән

Бұл процесс:

- өмір сүруге қажетті игіліктерді өндіру барысында тәжірибе жинақтау;
- қарым-қатынасқа түсу;
- Қарым-қатынасты институциялауды қамтиды.

(өмір сүру,  
қауіпсіздік,  
тамақ табу және т.б.)

Биологиялық қажеттілік  
(өмір сүру,  
қауіпсіздік,  
тамақ табу және т.б.)





Процесс  
(үйрену, үйрету)




Ұйымдастыру,  
топтастыру,  
Институциялау.  
Әлеуметтік қажеттілік  
(арнайы мекемелер  
құру)




Экономикалық  
қажеттілік  
(өндіру,  
ақша табу,  
сату, айырбастау)





Бұл таным мен тәжірибе жинақтала келіп, ұрпақтан-ұрпаққа берілу процесіне ұласады.

- Аталмыш процесс:
- алдымен жай ғана табиғи процесс;
- арнайы ұйымдастырылған мекемелер жүйесінің қажеттілігін тудырады.
- Яғни, адамзаттың білім алуға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында арнайы – **білім институты** өмірге келді.



Білім институт ретінде пайда болған сәтте алдымен **таптық, касталық сипатта болып**, кейін баршаға ортақ сипатқа ие болды. Бұл ғылыми-техникалық процеске байланысты еді. Яғни, капиталистік қоғам – машиналық өндіріске әкеліп, ал ол сауатты және білікті жұмысшыларды қажет етті.

Сондықтан әлеуметтану ғылымы **білім** ұғымын осы екі тұрғыдан зерттейді.

Яғни білім әлеуметтануы өз алдына мына міндеттерді қояды:

- Білім беруге деген қажеттіліктерді зерттеу, оның қоғам мен жеке тұлға алдындағы ролін бағалау;
- Білімнің әлеуметтік маңызын ұғына отырып, оның деңгейі мен сапасын бағалау;
- Қоғам мен білім алушылардың білімге деген қатынасын, оның әлеуметтік құндылығын зерттеу;
- Білімнің әлеуметтік мәртебеге ие болу факторы ретіндегі маңызын түсіну;
- Білімнің рухани қажеттіліктер мен мүдделердің динамикасына ықпал ету дәрежесін анықтау.



Білім әлеуметтануының негізін салғандар мен оны жан-жақты зерттегендер:

- Э. Дюркгейм мен М. Вебер. Олар білім берудің әлеуметтік қызметтерін, оның экономикамен және саясатпен байланысын зерттеді.
- Т.Парсонс білімді әлеуметтендіру институты ретінде зерттеуді, оқыту мекемелерін әлеуметтік жүйелер (рольдер мен нормалар жүйелері) ретінде қарастыруды ұсынды.
- Н.Гросс, Р.Будон, Р.Коллинс назарды білім алушының әлеуметтік жағдайын талдау, оның білім жүйесіндегі жетістіктеріне, білім мен стратификацияның байланысын зерттеуге аударды.

## Білім әлеуметтануының пәні:

- **Әлеуметтік институт ретіндегі білім, оның мекемелері, әлеуметтік ұйымдар және білім беру саясаты.**
- **Білім беру жүйесінің қоғаммен және оның элементтерімен байланысын;**
- **Білім беру саласының проблемаларын;**
- **Білім беру институттарының қызметкерлерінің өзара әлеуметтік қарым-қатынастары.**

# Білімнің әлеуметтік қызметтері:

- *Әлеуметтендіру, тұлғаны дамыту;*
- *Мәдениетті тарату, оны ұрпаққа және адамдардың өзара бір-біріне беру;*
- *Қоғамды интеграциялау;*
- *Әлеуметтік мәртебе беру немесе иелену*
- *Ізгілендіру (гуманизациялық)*
- *Кәсіби-экономикалық;*
- *Ақпараттық-зерттеушілік;*
- *Әлеуметтік-дифференциялық;*
- *Эгалитарлық (теңестіру);*
- *Әлеуметтік-саяси*
- *Отбасылық өмірге даярлау*

# Білім беру институтының құрылымы:

1. Мектепке дейінгі білім беру мекемелері;

2. Мектептер:

Бастауыш деңгей;

Негізгі мектеп;

Орта мектеп:

 Жалпы білім беру мектептері;

 Гимназиялар;




 Лицейлер;




 Профильдік мектептер

 Қосымша білім беру мекемелері (секциялар, үйірмелер);

 Арнайы мектептер

# Орта кәсіптік білім беру мекемелері




-  Училищелер;
-  колледждер;
-  Лицейлер, яғни кәсіптік білім беру мекемелері

# Жоғары оқу орындары:

**Институт** – тек бір сала бойынша ғана кәсіптік мамандар даярлау оқу орны.


**Академия** – бір саланың түрлі мамандықтарын даярлап, осы сала бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, ғалымдарды оқыту.

**Университет** – бірнеше сала бойынша мамандар даярлап, осы салалардың барлығын қамтитын ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, ғалымдарды оқыту.

Four decorative circles are positioned at the top of the slide. From left to right: a solid light purple circle, a white circle with a light purple outline, a solid light purple circle, and a white circle with a light purple outline. The word 'білім' in the title is enclosed within the second white circle from the left.

Жоғарғы білімнен кейінгі білім беру мекемелері:

- КСРО жүйесі бойынша:  
аспирантура, докторантура;
- Халықаралық жүйе бойынша:  
магистратура (PhD – философия докторы), докторантура немесе – резидентура;
- Біліктілік көтеру немесе қайта даярлау курстары.



Тұрақты қызметкерлері мен олардың  
біліктілік дәрежелері:

Мектептер – мұғалімдер – разрядтар:

- 6 – 14 мұғалімдік қызмет,
- 15-18 разрядқа дейін директорлар, оқу ісінің меңгерушілері.

Орта кәсіптік білім беру мекемелері –  
оқытушылар – категориялар:

Жоғары категория – 1,2,3 категориялар



# Жоғары оқу орындары қызметкерлері:

## 1. Оқытушы-профессорлық құрам;

- Ассистенттер;
- Стажер-оқытушылар;
- Оқытушылар;
- Аға оқытушылар;
- Доценттер (ЖОО және ЖАК);
- Профессорлар (ЖОО және ЖАК);

## 2. Қосымша қызмет беру мамандары мен қызметкерлері

ЖОО қызметкерлері сонымен қатар ғылыми дәрежесіне қарай да бөлінеді:

- Ғылым кандидаттары;
- Ғылым докторлары

Осы профессор, ғылым докторларының ең таңдаулы, мәртебелі өкілдері Ғылым академияларының мүшелері болып, академик атағына ие болады

(Медицина ғылымдары академиясының академигі, әлеуметтік ғылымдар академиясының академгіі)

Жалпы алғанда білім институты әлеуметтік тұрғыдан мына сипаттар бойынша жіктеледі:

- Таптық сипат – элитарлы, жалпыға бірдей;
- Территориялық;
- Кәсіби-мамандық;
- Жыныстық;
- Жас ерекшелік;
- Этникалық;
- Ғылыми мәртебелік (гуманитарлық, жаратылыстану, техникалық және т.б.)

# Білім институты мына заңдылықтарға бағынуы тиіс:

- Диалектикалық (қарама-қайшылықтың бірлігі мен күрес заңы, санның сапаға өтуі, терістеуді терістеу заңы);
- Экономикалық-қоғамдық (базис пен қондырманың сәйкестілігі);
- Дәстүр сабақтастығы мен жаңашылдық (мәдени дәстүрлер, салт-жоралғылар - реформалар);
- тарихи;
- Бихевиористік (психологиялық-стимулдық);
- Құрылымдық-функционалдық
- Үздіксіздік
- дифференциалдық